Әділет

# Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу және "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің "Ақпараттық-өндірістік орталық" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 14 желтоқсандағы № 1317 қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 маусымдағы N 736 Қаулысы

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында ішкі істер органдарының қызметін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 29 желтоқсандағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

2. «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің «Ақпараттық-өндірістік орталық» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының кейбір мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 14 желтоқсандағы № 1317 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2004 ж., № 49, 624-құжат) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі К.Мәсімов*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 маусымдағы № 736 қаулысымен бекітілген

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

1. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 02.06.2016 № 326 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.

3. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.04.19 № 498 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

4. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 26.08.2013 № 852 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

5. «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы № 1120 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2004 ж., № 41, 532-құжат):

1) көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі туралы ережеде:

13-тармақтың 8) тармақшасы алып тасталсын;

14-тармақта:

бір жүз жиырма алтыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«азаматтық хал актілерін жазу органдарының кадрларын аттестаттау, іріктеу және орналастыру, олардың қызметінде бірыңғай құқық қолдану тәжірибесін қамтамасыз ету;»;

бір жүз жиырма жетінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«азаматтық хал актілерін жазу органдарын әдістемелік басқару;»;

бір жүз отыз екінші абзац алып тасталсын;

бір жүз отыз үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«заңды тұлғалардың сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдерін жүргізу;»;

бір жүз отыз бесінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз ету;».

2) көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитетінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесінде:

реттік нөмірі 17-жол алып тасталсын.

6. «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 22 маусымдағы № 607 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2005 ж., № 25, 311-құжат):

1) көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі туралы ережеде:

12-тармақтың 2) тармақшасы мынадай мазмұндағы жиырма жетінші абзацпен толықтырылсын:

«Қазақстан Республикасының азаматтарын құжаттандыруды, сәйкестендіру нөмірлері бар жеке куәліктер мен паспорттар дайындауды және беруді, азаматтарды есепке алу мен тіркеуді Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен жүзеге асыру;».

2) аталған қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесінде:

«2. Мемлекеттік мекемелер» деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 2-жолмен толықтырылсын:

«2. «Ақпараттық-өндірістік орталық» республикалық мемлекеттік кәсіпорны».».

7. «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мемлекеттік мекемелерін - халыққа қызмет көрсету орталықтарын құру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 5 қаңтардағы № 1 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2007 ж., № 1, 6-құжат):

көрсетілген қаулыға 2-қосымшада:

1-тармақта:

«әділет органдары» деген кіші бөліміндегі 1), 2), 3), 4) тармақшалар алып тасталсын;

мынадай редакциядағы кіші бөліммен толықтырылсын:

«ішкі істер органдары:

1) Қазақстан Республикасының азаматтарына паспорттар, жеке куәліктер беру;

2) уақытша жеке куәлік беру;

3) Қазақстан Республикасының азаматтарын тұрғылықты жері бойынша тіркеу;

4) Қазақстан Республикасының азаматтарын тұрғылықты жері бойынша тіркеу есебінен шығару.».

8. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 28.08.2015 № 683 қаулысымен.

9. «Министрліктер мен өзге де орталық атқарушы органдардың олардың аумақтық органдарындағы және оларға ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелердегі адам санын ескере отырып, штат санының лимиттерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 15 сәуірдегі № 339 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Министрліктер мен өзге де орталық атқарушы органдардың олардың аумақтық органдарындағы және оларға ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелеріндегі адам санын ескере отырып, штат санының лимиттерінде:

2-бөлім мынадай редакцияда жазылсын:

«

| | | |
|---|---|---|
| | Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі, оның аумақтық органдарын және оған ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерді ескере отырып, оның ішінде: | 106307 |
| | Облыстық бюджеттер мен республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеттері есебінен ұсталатын ішкі істер органдарының әкімшілік полициясы, оның ішінде: | 46469 |
| | Астана қаласының Ішкі істер департаменті | 2781 |
| | Ақмола облысының Ішкі істер департаменті | 2755 |
| | Ақтөбе облысының Ішкі істер департаменті | 2387 |
| | Алматы қаласының Ішкі істер департаменті | 4564 |
| | Алматы облысының Ішкі істер департаменті | 2909 |
| | Атырау облысының Ішкі істер департаменті | 1897 |
| | Шығыс Қазақстан облысының Ішкі істер департаменті | 4495 |
| | Жамбыл облысының Ішкі істер департаменті | 2268 |
| | Батыс Қазақстан облысының Ішкі істер департаменті | 1989 |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 2. | Қарағанды облысының Ішкі істер департаменті | 5060 |
| | Қызылорда облысының Ішкі істер департаменті | 1774 |
| | Қостанай облысының Ішкі істер департаменті | 2879 |
| | Маңғыстау облысының Ішкі істер департаменті | 1916 |
| | Павлодар облысының Ішкі істер департаменті | 2409 |
| | Солтүстік Қазақстан облысының Ішкі істер департаменті | 2154 |
| | Оңтүстік Қазақстан облысының Ішкі істер департаменті | 4232 |
| | Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер, оның ішінде: | 43011 |
| | Ішкі әскерлердің құрамалары мен бөлімдері, оның ішінде мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер: | |
| | олардың ішінде Ішкі әскерлердің Әскери институтының курсанттары | 23111 |
| | | 10482 |
| | | 880 |
| | Қазақстан Республикасы ІІМ Алматы академиясы | 630 |
| | Қазақстан Республикасы ІІМ Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы | 467 |
| | Ақтөбе заң институты | 156 |
| | Семей заң колледжі | 115 |
| | Шымкент заң колледжі | 157 |
| | Ішкі әскерлердің Әскери институты | 492 |
| | Бастапқы даярлық училищесі | 80 |
| | Емханасы бар орталық госпиталь | 484 |
| | Аумақтық госпитальдар мен емханалар | 1227 |
| | Кинологиялық орталық | 64 |
| | «Оңтүстік» әскери және арнайы жабдықтау базасы | 25 |
| | «Солтүстік» әскери және арнайы жабдықтау базасы | 20 |
| | «Сұңқар» арнайы мақсаттағы жасақ | 139 |
| | Автокөлік қызметін көрсету мекемесі | 144 |
| | Дипломатиялық өкілдіктерді күзету жөніндегі полиция полкі | 826 |
| | Мамандандырылған күзет бөлімшелері | 14606 |
| | Белгілі бір тұратын жері жоқ адамдарға арналған қабылдауыш-таратушылар | 225 |
| | Есірткіге тәуелді адамдарды әлеуметтік-психологиялық оңалту орталығы | 43 |

» ;

11-бөлім мынадай редакцияда жазылсын:

«

| | | |
|---|---|---|
| 11. | Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі, оның аумақтық органдарын және оған ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерді ескере отырып, оның ішінде: | 23575 |
| | Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер, оның ішінде: | 17605 |
| | Сот сараптамасы орталығы | 609 |
| | Түзеу мекемелері | 12496 |
| | Павлодар заң колледжі | 185 |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| | Тергеу изоляторлары | 3924 |
| | Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің академиясы | 255 |
| | Оқу орталығы | 35 |
| | Қазақстан Республикасы Заң шығару институты | 101 |

» .

10. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 18.09.2013 № 983 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

11. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 23.09.2013 № 991 қаулысымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК